




біріктірілген электрондар *электронды жұптар* деп аталады, ал олардың арасындағы байланыстар – *ковалентті*. Ковалентті байланыс өте берік, бұл түрдегі қосылыстар бөлме температурасында негізінен сұйықтықтар немесе


газдар және олар электр тогын өткізбейді. Мұндай түрдегі қосылыстарда бір немесе үш электрондық жұп болуы мүмкін. Олардың пайда болу механизмін келесі схемаларда қарастыруға болады (2, 3-сурет).



2-сурет. Хлор молекуласының түзілу схемасы

2-суретте көрсетілген схемада хлор молекуласының түзілу механизмі көрсетілген. Әрбір хлор атомының сыртқы электрон қабатында жеті электрон бар. Байланыс түзуге әрбір атом бір электроннан береді және олардың әрқайсысы сегіз электрон-

нан тұратын тұрақты сыртқы қабатқа ие болады. Ковалентті байланыс – дара, қарапайым және екі сызық түрінде схемаларда белгіленеді. Мұндай схема бойынша қос электрондық жұппен оттегі молекулалары пайда болады (3-сурет).



3-сурет. Оттегі молекуласының түзілу схемасы

Оттегі молекуласында қос байланыс болады. Әрбір оттегі атомының сыртқы қабатында алты электроннан, оған тұрақты конфигурацияны және байланысты түзу үшін әрбір атомнан екі электрон бір-біріне беріледі. Нәтижесінде, оттегі молекуласында қос байланыс орын алады. Осылайша, мұндай схема бойынша табиғатта өте көп заттар пайда болады.

**Металдық байланыс**

Металдық байланыс – металдағы екі бөлшектердің арасындағы байланыс. Металл торы – арасында еркін

қозғалатын валентті электрондары бар оң зарядталған металл иондарынан тұрады. Бос немесе делокализацияланған электрондар металл атомдары арасында байланыс жасайды және олардың қозғалысы арқасында металл жылу мен электр тогын жүргізеді.

Электрондар мен металл иондарының арасындағы өзара әрекеттесу күші өте үлкен, сондықтан металдардың қайнау және балқу температуралары өте жоғары. Металл торының схемалық көрінісін 4-суреттен көруге болады.